

"СК АПРИОРИ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Рудный қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 14 ақпандағы № 133 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабы 1-тармағы 5-1) тармақшасына, 69-бабы 4-тармағы 2) тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес, өтініш негізінде, Рудный қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "СК АПРИОРИ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Рудный қаласы, Ленин көшесі, 48/2 үй мекенжайы бойында "Кеңсе жайлары бар тұрғын үйді абаттандыру және кірме жолдарды салу" жобасы бойынша абаттандыру және кірме жолдардың төсеу және пайдалану мақсатында көлемі 0,0951 га жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Рудный қаласының әкімі

В. Ионенко